

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 1 из 10

Бекітілген
Басқарма шешімімен
«14» 01. 2026г №1

Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже

Жарамдылық мерзімі «14» қантар 2026 ж. «14» қантар 2029ж.	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж. дейін	Мәртебесі: Қолданыстағы • Ескірген •
Алдыңғы ескірген құжат: Ректордың бұйрығымен «24» 08. 2020 ж № 368	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № Көшірме № Дана №

Алматы – 2026ж

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 2 из 10

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Измайлова Слу Хабибиевна	Согласовано	13.01.2026, 17:07:47	Без замечаний	
Шопаева Гульжан Амангельдыевна	Согласовано	13.01.2026, 16:57:19	Без замечаний	
Джардемалиева Нуржамал Женысовна	Согласовано	13.01.2026, 17:31:39	Без замечаний	
Аипов Расулбек Рахманбердиевич	Согласовано	13.01.2026, 17:09:59	Без замечаний	
Жуматай Ж.Ж. (и.о Сакипова З.Б.)	Согласовано	13.01.2026, 14:49:00	Без замечаний	
Скакова У.Т. (и.о Есембаева С.С.)	Согласовано	13.01.2026, 10:09:11	Без замечаний	
Кожекенова Жанат Асетовна	Согласовано	13.03.2026, 17:51:00	Без замечаний	
Баймаханов Абылай Ниятович	Согласовано	13.01.2026, 17:03:32	Без замечаний	
Шамсутдинова Альфия Гумаровна	Согласовано	13.01.2026, 13:24:58	Без замечаний	
Тусупбекова Сандугаш Кайраткызы	Согласовано	13.01.2026, 15:11:35	Без замечаний	
Калматаева Жанна Амантаевна	Подписано	14.01.2026, 11:12:26	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407
Калматаева Жанна Амантаевна	Зарегистрировано	14.01.2026, 11:13:03	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, КАЛМАТАЕВА ЖАННА, Некоммерческое акционерное общество "Казахский национальный медицинский университет имени С. Д. Асфендиярова", BIN181240006407

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 3 из 10

Содержание

1. Жалпы ережелер	4
2. Нормативтік сілтемелер:	4
3. Терминдер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар	4
4. Комитетті құру, құрылымы және тарату	5
5. Комитет қызметінің мақсаттары мен міндеттері	6
6. Комитеттің функциялары	6
7. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	7
8. Қорытынды ережелер	7
9. Өзгерістерді тіркеу парағы	9
10. Танысу парағы	10

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 4 из 10

1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламалары комитеті (әрі қарай – Комитет) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ-ның (әрі қарай – Университет) консультативтік органы болып табылады және білім беру бағдарламаларын әзірлеу, өзектендіру және іске асыру барысында әдістемелік, сараптамалық және аналитикалық қолдау көрсетеді.

Бұл Ереже Комитет мүшелерінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершіліктерін, оның құрылу тәртібін, құрылымдық бөлімшелермен өзара әрекеттесуін және қызметтік регламентін белгілейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер:

Бұл Ереже келесі нормативтік құжаттарға негізделіп әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы [«Білім туралы»](#);
 - 2) [«Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы»](#) - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 Бұйрығы
 - 3) [«Жоғары және \(немесе\) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»](#) - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 Бұйрығы
- Өз қызметінде Комитет мына нәрселерге сүйенеді:
- 4) Университеттің жарғысына;
 - 5) Университеттің ұжымдық шартына;
 - 6) Университеттің ішкі еңбек тәртібі ережелеріне;
 - 7) Университеттің студенттерінің ішкі тәртіп ережелеріне;
 - 8) Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына (ережелер, нұсқаулықтар, саясаттар, стандарттар және басқа да құжаттар);
 - 9) Университеттің басқару органдарының шешімдеріне;
 - 10) Университет басшылығының бұйрықтары мен нұсқауларына;
 - 11) Осы Ережеге.

Бұл Ереже тікелей қолданылатын құжат болып табылады және бекітілген күннен бастап міндетті түрде орындалуы керек. Ережені және оған енгізілетін барлық өзгерістерді академиялық қызмет жөніндегі проректор бекітеді.

3. Терминдер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар

Комитет – білім беру бағдарламасы (бағдарламалар тобы) бойынша құрылатын коллегиялық консультативтік орган, оның функциялары – білім беру бағдарламаларының (әрі қарай – ББ) тұжырымдамасын әзірлеу және мазмұнын басқару, оқу деңгейлері бойынша интеграцияны үйлестіру, ББ іске асырылуын бақылау болып табылады.

ББК - білім беру бағдарламалары комитеті;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3 Страница 5 из 10

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;

ББ - білім беру бағдарламасы;

ҚОТ – қашықтықтан оқыту технологиялары;

БӨҚ- бақылау-өлшеу құралдары;

ЭПК- элективтік пәндер каталогы

ІНҚ- ішкі нормативті құжат;

НҚА- нормативтік құқықтық акт

БАФ- біліктілікті арттыру факультеті

4. Комитетті құру, құрылымы және тарату

Комитет мектеп/факультет деканының нұсқауымен құрылып, құрамына жыл сайын бекітіледі. Комитет құрамына мыналар кіреді: төраға, төраға орынбасары, хатшы, кафедралар мен департаменттердің өкілдері, студенттер және жұмыс берушілер.

Комитеттің құрамы әр мектеп/факультет бойынша уәкілетті тұлға арқылы бекітіледі.

Комитет төрағасы мектеп/факультет деканы тарапынан ағымдағы оқу жылы үшін тағайындалады, кандидаттың жазбаша келісімімен, және ол штаттық профессорлық-оқытушылық құрамнан болып, ғылыми-педагогикалық тәжірибесі кемінде 5 жыл болуы керек.

Хатшы Комитет мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады;

Комитет мүшелері кафедралар, деканат, академиялық жұмыс департаменті, студенттер және жұмыс берушілер өкілдері арасынан құралады.

Төраға мен Комитет мүшелері тек бір ғана Комитет құрамында бола алады.

Комитеттің ұйымдастырушылық құрылымы

Комитет – коллегиялық консультативтік орган болып табылады, және сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысатын кафедралардың оқу-әдістемелік қызметін үйлестіреді.

Комитет ішінде жұмыс топтары құрылып, оған тәжірибелі әдіскерлер – жетекші профессорлар, доценттер, сәйкес білім беру бағыттары бойынша эдвайзерлер, студенттер өкілдері, практикалық денсаулық сақтау саласының өкілдері, деканат және академиялық жұмыс департаменті қатысады. Комитеттің жұмысында, шақыру бойынша, құрамына кірмейтін университет қызметкерлері де қатыса алады.

Комитеттің жұмысы мектеп/факультет кеңесінде қабылданып, декан тарапынан бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің отырыстары айына кемінде бір рет, айдың бірінші аптасының сейсенбісінде өткізіледі; шешім қабылдау үшін кворум – мүшелердің кемінде 70%-ы болуы керек.

Шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданып, хаттамаға енгізіледі.

Хатшы құжаттарды жүргізіп, қатысушыларды тіркейді, хаттамаларды рәсімдейді және құжаттарды 3 (үш) жыл бойы сақтауын қамтамасыз етеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 6 из 10

Комитет отырысы үшін хатшыға ұсынылатын міндетті құжаттар: шешімнің жобасымен қаралатын мәселе бойынша материалдар болып табылады.

Комитет төрағасы жоқ болған жағдайда, оның функцияларын төраға орынбасары атқарады.

Комитет хатшысы дауыс беру процесіне қатыспайды және техникалық функцияларды атқарады: отырысқа қатысушыларды тіркейді, төрағаға кворум туралы ақпарат береді, хаттамалар мен отырыс күн тәртібін қоса алғанда, Комитет қызметі туралы жазбаша есептерді дайындайды және қамтамасыз етеді.

Комитеттің әр мүшесі барлық отырыстарға қатысуы, жұмысына белсенді қатысуы және оған жүктелген тапсырмаларды уақтылы әрі дәл орындауы тиіс.

Комитет төрағасы жылына кемінде бір рет өзінің қызмет нәтижелері туралы мектеп/факультет кеңесіне есеп береді.

Комитет құжаттары: жоспарлар, есептер, отырыс хаттамалары тиісті деканатта сақталады.

5. Комитет қызметінің мақсаттары мен міндеттері

Комитет қызметінің негізгі мақсаты – Университеттегі білім беру бағдарламаларының тұрақты сапасын қамтамасыз ету және оқу-әдістемелік процесті жетілдіру болып табылады.

Комитет қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) Оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуін бақылау;
- 2) Білім беру бағдарламаларының мазмұнын келісу, сараптау және бағалау;
- 3) Инновациялық белсенді оқу әдістерін және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- 4) Білім деңгейлері бойынша академиялық интеграцияны қамтамасыз ету;
- 5) Білім сапасы саясатын қалыптастыруға қатысу.
- 6) Аналитикалық материалдарды дайындауға қатысу.

6. Комитеттің қызметтері

Қойылған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру аясында Комитет келесі негізгі функциялар мен қызмет бағыттарын атқарады:

- 1) Университетте жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары жобаларын дайындауға қатысу, білім беру бағдарламасының құрамдас бөліктерінің тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында.
- 2) Пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (силлабус, БӨК) дайындауды бақылау, олардың нормативтік құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету.
- 3) Оқу процесіне инновациялық білім беру технологияларын және оқу процесін ұйымдастырудың перспективалық формаларын, соның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын (ҚОТ), енгізу.
- 4) Элективтік пәндер каталогын (ЭПК) қарау және бекіту, алдын ала және кейінгі талаптарын анықтау.
- 5) Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуін талдау. Оқу-әдістемелік материалдарды (оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік ұсынымдар және басқа құжаттар) жоспарлау және сараптау, Академиялық кеңесте талқылап, кейін бекіту.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 7 из 10

- 6) Уәкілетті органдар мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттары (ІНҚ) жобаларын, сондай-ақ басқа да құжаттарды әзірлеуге қатысу;
- 7) Жұмыс оқу жоспарларын, оқу жоспарларын әзірлеу және силлабустарды ВНД талаптарын ескере отырып сараптау.
- 8) Білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту бойынша мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу;

Комитет сондай-ақ, қолданыстағы заңнама, ішкі нормативтік құжаттар және Университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-нұсқаушылық актілерімен анықталған, Комитетке қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалуына тікелей қатысты басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Комитет төрағасы Комитеттің барлық қызметкерлерінің тікелей жетекшісі болып табылады және олардың міндеттерін бөледі.

Комитеттің Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу тәртібі ішкі нормативтік құжаттармен және Университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-нұсқаушылық актілерімен анықталады.

7. Комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Комитет мүшелерінің құқығы бар:

- 1) Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқу-әдістемелік процесті жетілдіруге қатысты ішкі нормативтік актілер жобаларын әзірлеу және талқылауға қатысу.
- 2) Комитет жұмысы үшін қажетті ақпарат пен материалдарды сұрауға;
- 3) Отырыс өткізілетін күннен бір күн бұрын күн тәртібімен танысуға;
- 4) Комитет құзыретіне қатысты мәселелер бойынша мектеп/факультет кеңесіне ұсыныстар енгізуге;

Комитет мүшелері міндетті:

- 1) Осы ереженің нормаларын сақтау;
- 2) Еңбек тәртібі мен мінез-құлық этикасын сақтау;
- 3) Жұмыс барысында және шешім қабылдауда академиялық адалдық қағидаларын сақтау;
- 4) Жұмыста құпиялылық пен ақпараттық қауіпсіздікті сақтау;

8. Қорытынды ережелер

Бұл Ереже университет персоналымен жұмыс істеуді ұйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.

Осы Ережеде Комитеттің Университеттегі жалпы құрылымдағы құқықтық мәртебесін және оның қызмет саласын реттейтін негізгі нормалар көрсетілген, олар Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі барысында ішкі нормативтік құжаттармен және Университет әкімшілігінің ұйымдастырушылық-нұсқаушылық актілерімен белгіленген тәртіпте өзгертілуі, нақтылау немесе толықтырылуы мүмкін.


Осы Ереженің орындалуын бақылау функциясы Комитет төрағасына жүктеледі, ол оны бағынышты қызметкерлерге және Университеттің мүдделі

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Білім беру бағдарламалары комитеті туралы ереже	Редакция: 3
			Страница 8 из 10

лауазымды тұлғаларына жеткізуді, орындалуын қадағалауды және Ережені уақытында өзектендіруді қамтамасыз етеді.


Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Комитет туралы Ережені жаңа редакцияда әзірлеу немесе өзгерістерді (толықтыруларды) осы Ережеге қосымшалар түрінде белгіленген тәртіппен рәсімдеу арқылы енгізіледі және олар Комитет қызметкерлеріне және Университеттің мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізіледі.

Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және академиялық блок бойынша проректор немесе Университеттің басқа уәкілетті лауазымды тұлғасы белгіленген тәртіппен оны жойғанға дейін әрекет етеді. Егер Комитет таратылса немесе Комитет туралы Ереже жаңа редакцияда бекітілсе, осы Ереже заңдық күшін жоғалтып, әрекетсіз болып табылады.



9. Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]



10. Танысу парағы

[illegible]